

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 наурызда № 10519 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 359 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.05.2018 № 359 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын үндестіру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-

тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 27 ақпан

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

2015 жылғы 30 қаңтардағы № 95

бұйрығымен бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру қағидалары
1. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық сатып алу жүйесінің жұмыстарын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысын үндестіру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер мен оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

3) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдинг иеленетін жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға;

4) желінің қазақстандық емес сегментінде толығымен немесе жартылай орналасқан өзге де электронды сатып алу жүйелеріне қатысты болмайды.

3. Осы Қағидаларда Заңда белгіленген ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші - электрондық сатып алу жүйесінің иесі және (немесе) меншік иесі болып табылатын және электрондық сатып алу жүйелері жұмыстарының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімімен (бұдан әрі - Тізілім) үндестіруді іске асыруға өтінім берген жеке немесе заңды тұлға;

Өтінім беруші Тізілімді кешенді ақпараттық-технологиялық, техникалық сүйемелдеуді іске асыратын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғасы болып табылмауы және өтінімді берген күннің алдындағы бес жыл ішінде аффилиирленген тұлғасы болып табылмауы тиіс. Өтінім берушінің лауазымдық тұлғалары және қызметкерлері осы заңды тұлғаның және ұйымның лауазымдық тұлғаларымен - осы заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғаларымен бағыныстылық байланыста болмауы тиіс және осы тұлғалармен өтінімді берген күннің алдындағы бес жыл ішінде бағыныстылық байланыста болмауы тиіс.

2) пайдаланушы - тапсырыс беруші ретінде сатып алуды жүзеге асыру үшін үндестіру жұмысын пайдаланатын өтініш беруші, жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті тұлғасы немесе жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының еншілес ұйымдары;

3) сервис - белгілі бір қисынды іске асыратын және электрондық хабар беруге негізделген интерфейстер арқылы желілік өзара іс-қимыл үшін қол жетімді операциялар жиынтығы;

4) уәкілетті орган - индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган.

4. Электрондық сатып алу жүйесінің жұмыстарын Тізілім жұмысымен үндестіру (бұдан әрі - үндестіру) деп электрондық сатып алу жүйелерінен ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы қолданушының ЭЦҚ қойылған ақпаратты Тізілімге беру түсініледі.

5. Электрондық сатып алу жүйелерінің Тізіліммен үндестіруді өнеркәсіптік пайдалануға беруді мұнай және газ, ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік

органдармен бірге жүргізілген қабылдау сынақтарының оң нәтижесі негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын Тізілім жұмысымен үндестіруді өнеркәсіптік пайдалануға беру бойынша іс-шараларды жүргізу үшін уәкілетті орган құрамына уәкілетті органның мұнай және газ бен ақпараттандыру саласындағы және уәкілетті органдардың өкілдері кіретін жұмыс тобын құрады.

2. Электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын Тізілім жұмысымен үндестіруді іске асыру тәртібі

7. Электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын Тізілім жұмысымен үндестіруді жүзеге асыру үшін өтінімді беру және қарастыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

өтінім беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсына отырып, өтінім береді:

құрылтай құжаттарының және өтінім берушінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе куәлігінің көшірмелерін;

осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес олардың техникалық сипаттамаларын көрсете отырып, электронды сатып алу жүйесінің жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың тізбесін;

өтінім берушінің электронды сатып алу жүйесіне, оның ішінде осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тізбеде көрсетілген барлық бағдарламалық және техникалық құралдарға меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

өтінім берушінің ақпараттық жүйесінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасы аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестік аттестатының нотариус растаған көшірмесі;

өтінім берушінің еншілес кәсіпорынының мәртебесін растайтын өтінімде көрсетілген өзге де пайдаланушылардың құрылтай құжаттарының көшірмелері;

өтінім берушінің лауазымдық тұлғалары және қызметкерлері туралы ақпарат, тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, қызметке қабылдау күнін, қызметке қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, өтінімді беру күніне жағдай бойынша;

8. Өтінім беруші Тізілімді кешенді ақпараттық-технологиялық, техникалық сүйемелдеуді іске асыратын заңды тұлғамен аффилиирленбегенін растайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

9. Уәкілетті орган өтінімдерді алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтінімдердің және өтінімге қоса берілетін құжаттардың осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді;

Сәйкес келмеген жағдайда, өтінім қайтару себептері көрсетіліп, жоғарыда көрсетілген мерзімі ішінде өтінім берушіге қайтарылады;

Өтінімдер мен қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган өтінімді алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтінім берушіге тиісті хабарламаны жібереді.

10. Тиісті хабарламаның негізінде өтінім беруші уәкілетті органмен бірлесіп, үндестіруді іске асыру бойынша өзіне Тізілімінің жағында және электрондық сатып алу жүйесі жағында тиісті сервистерді әзірлеу және жариялауды қамтитын электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын Тізілім жұмысымен үндестіруді жүзеге асыру жұмыстарын жүргізеді. Тізілімімен электрондық сатып алу жүйесінің үндестіру жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін уәкілетті орган кеңесшілері және (немесе) сарапшылары ретінде басқа ұйымдарды тарта алады.

11. Үндестіруді жүзеге асыру жөніндегі шығыстарды үндестіруді жүзеге асыруға бастамашы болған өтінім беруші төлейді.

12. Тізілім жұмысымен қадамдастырылған электрондық сатып алу жүйесіне әкімшілік етуді тек қана өтінім беруші орындауы тиіс.

Тізілім жұмысымен қадамдастырылған электрондық сатып алу жүйесі толығымен мемлекеттік және орыс тілінде болуы тиіс.

13. Уәкілетті орган өтінім берушімен бірлесіп үндестіруді өнеркәсіптік пайдалануға енгізгенге дейін мынадай іс-шараларды өткізеді:

- 1) уәкілетті ұйымның стендінде үндестіру сынақтарын жүргізу;
- 2) үндестірудің тәжірибелік пайдалануын жиырма жұмыс күні ішінде жүргізу ;
- 3) үндестіру шеңберінде әзірленген сервистерді пысықтау қажеттілігі кезінде тәжірибелік пайдалану нәтижелеріне талдау жүргізу;
- 4) штаттан тыс жағдайлар мүмкіндігін азайту және үндестірудің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін 60 (алпыс) күн ішінде Тізілімді пысықтау қажеттілігі болған жағдайда, сынақтық пайдалану кезінде Тізілімге жүктемелерді талдау;
- 5) өнеркәсіптік режимде сервиске қосылатын ақпараттық сауалдардың қарқындылығын бағалау, жүктемелік тестілеу;
- 6) үндестіруге алдын ала сынақтар өткізу. Алдын ала сынақтар екі апталық тестілеу және жүйенің барлық көрсеткіштері мен сипаттамаларын алдын ала қарау үшін жұмыс тобын шақыру арқылы жүзеге асырылады.

14. Өтінім беруші толық емес ақпаратты ұсынған жағдайда, жұмыс тобы үндестіруден бас тартады. Осы жағдайда өтінім қайтару себепін көрсете отырып, өтінім берушіге қайтарылады.

15. Тізілімде үндестірілетін электрондық сатып алу жүйесіндегі ақпарат шифрлы түрде берілуі тиіс, шифрлеу және шифрды жай жазуға айналдыру уәкілетті орган қалыптастырған бірегей кодты сөйлемше-кілт көмегімен жүргізілуі тиіс, шифрлеу параметрлерін және тәсілін уәкілетті орган ұсынады және өтінім берушіні өзгерістерді қолданғанға дейін екі жұмыс күні бұрын алдын ала ескерте отырып, тұрақты негізде өзгертіле алады.

Деректерді беру жаңа деректер пайда болған немесе бар деректер өзгерген сәттен бастап бір сағат ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Алынатын деректерді қатаң бақылауды қамтамасыз ету, олардың түгелдігін қамтамасыз ету және тарихи ақпаратты бұрмалау әрекеттерін болдырмау үшін, Тізілім сағат сайын сатып алу туралы мәліметтерді өңдейді.

Тізілім жұмысымен үндестірілген электрондық сатып алу жүйесінде жұмыс күндері қолдаудың тұрақты қызметі болуы тиіс, бірыңғай телефон байланысымен және электрондық пошта мекенжайымен, кемінде үш емес параллель желілермен. Қолдау қызметінің телефон бойынша жауап беруінің (деп етудің) орташа уақыты 2 минуттан көп болмауы тиіс.

Тізілім жұмысымен үндестірілген электрондық сатып алу жүйесін және оның аппараттық платформасы жұмыс тобымен келісілген қолданушыларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жалға беруге және басқаша түрде иелікке және/немесе пайдалануға беруге болмайды.

Өтінім беруші үндестірілген электрондық сатып алу жүйесінің аппараттық платформасының меншік иесі болуы тиіс.

Бір физикалық аппараттық платформада бір үндестірілген жүйеден артық болмауы тиіс.

Тізілім жұмысымен үндестірілген электрондық сатып алу жүйесі Интернет желісінің қазақстандық сегментінде орналасуы тиіс және өзінің нақты орналасқан орнын (аппараттық құрамдас бөлігін және географиялық орналасуын) өзгерте алмайды. Аппараттық кескін үйлесімін өзгертуіне есептеу мүмкіндіктерін өсіру жағдайында ғана жол беріледі.

Қосылған жүйенің аппараттық кескін үйлесімін немесе географиялық орналасуын өзгерту жұмыс комиссиясының өзгерістерді қарауы және бекітуінен кейін ғана іске асырылуы мүмкін.

16. Ақпараттық үндестіруге өнеркәсіптік пайдалануға енгізу үшін мынадай іс-шаралар өткізіледі:

1) үндестіруге алдын ала сынақтардың оң нәтижелері болған жағдайда уәкілетті орган алдын ала сынақтар жүргізілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жұмыс тобын шақырады және үндестіруге қабылдау сынағын өткізеді.

Қабылдау сынақтарының нәтижелері хаттама түрінде ресімделеді. Хаттама үш данада жасалады (уәкілетті орган, жұмыс тобы мен өтініш беруші үшін бір-бірден).

2) қабылдау сынақтарының оң нәтижелері болған жағдайда уәкілетті орган қабылдау сынақтары жүргізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде үндестіруді өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы акт жасайды. Акт екі данада жасалады (уәкілетті орган мен өтініш беруші үшін бір-бірден).

17. Үндестіру өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгеннен кейін өтінім беруші үндестірудің жұмыс істеу шарттарының өзгермеуін қамтамасыз етеді.

18. Уәкілетті орган электрондық сатып алудың үндестірілген жүйесін тексеруді жүзеге асыруға құқылы және үндестірілген жүйе жұмысының осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болмауы жағдайында немесе қосылған жүйе параметрлерінің (сипаттамаларының) оларды жұмыс тобы бекіту кезінде тіркелген параметрлерге (сипаттамаларға) сәйкес келмеуі айқындалған жағдайда үндестіруді бір жақты тәртіпте тоқтатуға құқылы.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда үндестіруді қайта жаңарту бастапқы үндестіруді өткізу үшін осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1298 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кімге _____

(уәкілетті органның атауы)

Электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен үндестіруді жүзеге асыруға
ӨТІНІМ

(өтінім берушінің атауы, өтінім берушінің Т.А.Ә.А.)

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бар

(электрондық сатып алу жүйесінің атауы)

үндестіруді іске асыруға дайындығы туралы мәлімдейді.

1. Электрондық сатып алу жүйесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 19-бабы 15) тармақшасына сәйкес бекітілген "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің, және оларды өндірушілердің тізілімі" мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес мыналар пайдаланады:

(пайдаланушының(-лардың) атауы және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың деректемелері)

2. Электрондық сатып алу жүйесі жөніндегі құжаттама _____ парақта қоса беріледі.

3. _____

(өтінім берушінің атауы, өтінім берушінің Т.А.Ә.А.)

қажетті құжаттарды беруге және үндестіруді іске асыру бойынша жұмысты жүргізуге дайын.

(қолы)

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің

Техникалық құралдар тізбесі

р/с №	Өндіруші, үлгі	Сериялық мүккәмал нөмірі	И Б бойынша сертификат нөмірі (болған жағдайда)	Іс жүзінде орналасқан жері	Түрі (техникалық құжаттамаға сәйкес)	Негізгі қызметтік мақсаты (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Ақпаратты қорғаудың пайдаланылатын әдістері	Өзірлеуші, атауы, нұсқа (енгізілген бағдарламалық қамтамасыз ету)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру қағидаларына 3-қосымша

Бағдарламалық құралдар тізімі

р/с №	Өзірлеуші	Атауы	Нұсқасы	Орнату орны (техникалық құралдар тізбесі)	Түр (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Негізгі қызметтік бағыты (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Ақпаратты қорғаудың пайдаланылатын әдістері
1	2	3	4	5	6	7	8